

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 20 сәуірдегі N 348

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық білім беру жүйелерін оңтайландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### 1. Заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы жоғары мектебі  
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы заң институты;

2) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай жоғары мектебі  
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай заң институты;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы жоғары техникалық училищесі  
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы техникалық институты ;

4) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің Павлодар техникалық колледжі  
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Павлодар заң колледжі болып қайта аталсын.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР үкіметінің 2001.01.24. N 119  
қаулысымен. Р 0 1 0 1 1 9 \_

2. Заңдарда белгіленген тәртіппен штат саны мен 1998 жылға арналып Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарын ұстауға бөлінген бюджеттік қаржының шегінде:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай жоғары мектебі  
Ақмола филиалының базасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің  
Ақмола заң колледжі ;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай жоғары мектебі  
Ақтөбе филиалының базасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің  
Ақтөбе заң колледжі құрылсын.

### 3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша оқу орындарының ерекшеліктері мен толықтырылуын ескере отырып тұрақты және ауыспалы құрамдардың қолда бар штат санын қайта бөлсін;

оқу орындарын басшы және профессорлық-оқытушылық құрамның білікті кадрларымен жасақтасын, ауыспалы құраммен саналы және уақытылы жасақтауды қамтамасыз етсін.

4. Ақмола қаласының, Ақмола және Ақтөбе облыстарының әкімдері тиісінше

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақмола және Ақтөбе заң колледждеріне олардың қалыптасуына, оқу-материалдық базаларының нығайуына және колледждердің профессорлық-оқытушылық құрамы үшін тұрғын үй бөлуге жәрдем көрсетсін.

5 . Қ ұ п и я .

6 . М ы н а л а р д ы ң :

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 ақпандағы N 106 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 3, 40-құжат);

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің оқу орындарын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 721 P950721\_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 18, 206 - құжат) 1 - т а р м а ғ ы н ы ң ;

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай заң колледжін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қостанай жоғары мектебі етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 396 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 16, 119-құжат) күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі